

Денсаулықты сақтаймыз – өзімізді баптаймыз



Адам баласы жер бетіне пайда болғаннан бастап аурудан алыс болмаған. Науқастанған адамның ем алуы үшін дәрігерге жүгінуі жылдар бойы бұзылмай келе жатқан құбылыс. Иә, жер бетінде дәрігерлік мамандықтан абыройлы, құрметті мамандық жоқ-ау. Бірақ оның

құрметінің салмағы қаншалықты ауыр болса, жауапкершілік жүгі де соншалықты ауыр. Сондықтан кез келген адам ақ халат киіп, ант қабылдап, адам жанын ажалдан арашалай алмайды. Дәрігер болу үшін науқасқа ем беріп қана қоймай, оның жанын түсінетін, жылы сөзімен дем беретін маман иесі болуың керек. Сонда ғана дәрігер атағын абыроймен алып жүруге мүмкіндік туады. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін осынау маңызды салаға бүкіл өмірін арнап келе жатқан абзал жандар қаншама.

Солардың бірі, әрі бірегейі ҚР «Шапағат» мемлекеттік орденімен марапатталған, ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрығымен арнайы төсбелгімен, дипломдармен, облыс, аудан әкімінің құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған жерлес ақ халатты абзал жан - Төлеубаев Амангелді Әбілдәұлы.

Амангелді Әбілдәұлының медицина саласында 40 жылдан астам еңбек өтілі бар. «COVID-19» пандемиясы кезінде өз өмірін қатерге тігіп, жұқпалы аурулардың ең ауыр түрлерінің алдын алып, өлімді азайту үшін шұғыл шаралар қабылдап, науқастарға шұғыл көмек көрсеткен білікті дәрігерлердің бірі.

Ақпан айында аудандық жасөспірімдер кітапханасы адалдық алаңы «Парасат жолы» орталығы аясында аудандық орталықтандырылған аурухананың жұқпалы аурулар дәрігері, өмір жолын бір салаға сарп етіп жүрген жерлесіміз Амангелді Әбілдәұлымен «Денсаулықты сақтаймыз – өзімізді баптаймыз» атты сұхбат жүргізді.

«Еңбек» деген ұлы сөздің құдіретін өнегелі өмір жолымен дәлелдеген дәрігер сол жолда кездескен қиындық пен қарбаласқа толы сәттерінен сыр шертті.

Мағыналы сұхбат барысында халықтың ықыласына бөленіп жүрген Амангелді Әбілдәұлы, тек ерінбей еңбек еткен адам түбінде өз мақсаттарына жететінін, еңбекқорлықты, адал еңбекті бағалай білген адам ғана құрметке бөленіп, мол табысқа қол жеткізетінін айтып өтті. Жас ұрпаққа айтар ақыл-кеңесі де аз болған жоқ.

Жалпы, медицина қызметкері болу адамға «жарық сыйлау» деген сөз іспетті. Сондықтан, тек ісімен ғана емес жүрегімен емдей білетін Амангелді ағамыз сияқты өз ісіне адал ақ халатты абзал жандарымыз көп болса екен деп тілейміз.

Тұғанбаева Құралай,
аудандық жасөспірімдер кітапханасының менерушісі